

№9 Абай атындағы орта мектебінің
Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі профилактикалық кеңестің
хаттамасы № 2

Күні: 17 қазан 2025 жыл

Өткізілген орны: № 9 Абай атындағы орта мектеп

Төрайымы: Ж.Утегенова

Хатшы: А.Жумашева

Қатысқандар: кеңес мүшелері, мектеп инспекторы Н. Шаяхмет, ДТІЖО Е.Телеушов, мектеп психологы Э.Бейсекова, әлеуметтік педагог А.Әділ

Күн тәртібі:

1. Құқық бұзушылықтың алдын алу және балалар арасындағы қаңғыбастық
2. пен караусыздықты ескерту мақсатында педагогикалық ұжыммен қабылданған рейдтік іс-шараларға талдау (баяндамашы – Әлеуметтік педагог А.Әділ).
3. Сыныптардағы құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарының жағдайы туралы (баяндамашылар – ДТІЖО Е.Телеушов, мектеп психологы Э.Бейсекова).
3. Оқушылардың сабақтан қалу мәселесі және оқушылардың жеке ісін карау (баяндамашы – мектеп инспекторы Н. Шаяхмет).

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша: ДТІЖО Е.Телеушов мектеп ұжымы мен мектеп

инспекторының бірлесіп ұйымдастырған рейдтік іс-шараларының нәтижелері

туралы баяндады. Рейдтер барысында түнгі уақытта заңды өкілінсіз жүрген кәмелетке толмағандар мен сабаққа себепсіз келмейтін оқушылар анықталмаған. Бірнеше оқушының сабаққа себепсіз қалу жағдайлары тіркеліп, әлеуметтік педагог А.Әділ және сынып жетекшілер жеке отбасыларды аралап, ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізілген.

2-мәселе бойынша: Мектеп психологы Э.Бейсекова сыныптарда құқықтық тәрбие жұмыстарының жүйелі жүргізіліп жатқанын айтты.

«Жасөспірім және заң», «Менің құқығым мен міндетім» сияқты тақырыптарда сынып сағаттары өткізілген.

Қиын мінез-құлықты және психологиялық қолдау қажет ететін оқушылар анықталып, олармен жеке жұмыс жоспары жасалған.

3-мәселе бойынша: Мектеп инспекторы Н. Шаяхмет сабаққа қатысу мониторингі тұрақты бақылауда екенін баяндады.

Қыркүйек-қазан айларында сабақтан себепсіз қалу фактілері тіркелмеген, алдын алу бойынша, ата-аналар мен оқушыларға түсіндіру жұмыстары

